

Топонимика

Топонимика

Топонимика

<https://doi.org/10.55764/2957-9856/2025-2-121-134.26>

FTAMP: 39.29.02
ЭОЖ 913.1

Ш. У. Лайсханов¹, Д. Т. Алиаскаров², Р. Т. Тобаджанов^{*3}, Е. Д. Исаков⁴

¹ PhD, ғылым және инновациялар департаментінің директоры
(Халықаралық білім беру корпорациясы, Алматы, Қазақстан; laiskhanov@gmail.com)

² PhD, «география және экология» кафедрасының меңгерушісі
(Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан; d.aliaskarov@abaiuniversity.edu.kz)

^{3*} «География және экология» кафедрасының докторанты
(Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан; trt_84@mail.ru)

⁴ PhD, «география және экология» кафедрасының аға оқытушысы
(Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан; erlan.issakov@gmail.com)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ТҮРКІ ТОПОНИМДЕРІНДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ

Аннотация. Бұл мақалада түркі топонимдері Қазақстан аумағының физикалық-географиялық ерекшеліктерін және ландшафттық өзгерістерін бейнелейтін индикатор ретінде қарастырылды. Зерттеу барысында Қазақстан аумағында кездесетін оронимдер, гидронимдер, лимнонимдер, ойконим, фитонимдер мен зоонимдер, хороним, патонимдер, гелонимдердің мағыналары талданды. Ел аумағының физикалық географиялық ерекшеліктерін және ландшафттық ерекшеліктерді көрсетуде салыстырмалы географиялық, картографиялық және топонимдік әдістер қолданылды. Түркі топонимдерінің этно-мәдени және географиялық мәнін ашу арқылы олардың кеңістіктегі таралу заңдылықтары анықталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстандағы көптеген географиялық атаулар табиғи ортаның маңызды ерекшеліктерін бейнелейді және жер бедері, су нысандары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және климаттық жағдайлар туралы тарихи ақпараттың сақталуына ықпал етеді. Зерттеу барысында топонимдер арқылы қазіргі жағдайға сәйкес келмейтін ландшафт іздері анықталды. Бұл мәліметтер табиғатты қорғау және ландшафттарды қалпына келтіру шараларын жүзеге асыруда құнды ақпарат көзі бола алады.

Түйін сөздер: түркі топонимдері, Қазақстан, физикалық география, ландшафт өзгерістері, ономастика, гидронимдер, оронимдер.

Кіріспе. IV-VIII ғасырларда Орталық Азияның этникалық құрылымына хиониттер, кидариттер, эфталиттер, түріктер және арабтардың қоныс аударуы айтарлықтай өзгеріс әкелді. VI ғасырдың екінші жартысында жазба деректерде алғаш рет түріктердің Орталық Азия аумағында болғаны туралы мәліметтер кездеседі. Осы уақыттан бастап VIII ғасырға дейін түріктердің ең белсенді қозғалысы байқалады. Олар біртіндеп шығыс-иран халықтарын саяси үстемдік тұрғысынан да, қоныстану аймақтарын иелену жағынан да ығыстыра бастаған. Түріктердің қоныс аудару кезеңдері VI-VIII, X-XII және XV-XVI ғасырлар аралығында бірнеше рет қайталанған. Алғашқы кезеңге дейін, яғни I мыңжылдықтың бірінші жартысындағы жазба деректер мен монеталық жазуларда бірде-бір түрік сөзі, атағы, есімі немесе жер атауы кездеспейді. Егер сол уақытта бұл өңірде түркі халқы көптеп өмір сүрген болса, мұндай деректердің міндетті түрде сақталып қалуы мүмкін еді [1].

Ерте орта ғасырларда түркі халқының басқа топтары қоныс аударуымен байланысты түркі топонимдері өңірдің ортағасырлық топонимиясының екінші бөлігін құрады. Бұл кезеңде географиялық атаулардың едәуір бөлігін шығыс-ирандық тілдерден шыққан топонимдер құраған. Мысалы, тек Қырғызстан аумағында антикалық дәуірден бастап XII ғасырға дейінгі тарихи деректерден белгілі 300-ге жуық ежелгі географиялық атау анықталған. XI ғасырдың басынан бастап, яғни Саманидтер мемлекетінің құлдырауы мен түркітілдес халықтардың Орта Азия аумағын жаулап алуы басталады. Осы уақыттан бастап Соғды мен Ферғана аймақтарына түркілердің жаппай қоныстану үдерісі жүріп, бұл топонимдердің трансформациясын күшейтті [2].

Түркі лексикалық мұрасы Еуропа мен Азияның көптеген тілдерінде, соның ішінде топонимиясында да көрініс тапқан. Сондықтан бұл кең аймақтың, сондай-ақ Қазақстанның топонимиясын этимологиялық тұрғыдан зерттеу міндетті түрде түркі тілдік деректерге жүгінуді қажет етеді.

Орталық Азиядағы жер атауларының мәдени маңызы зор, олар қауымдастықтардың ұжымдық жады мен этностардың идентификациясын бейнелейді. Мысалы, қазақ халқының дәстүрлі экологиялық білімі оның топонимикалық жүйесінде терең тамыр жайып, оның климаттық жағдайлар мен қоршаған ортаның өзгеруі туралы түсінігін көрсетеді [3]. Сондай-ақ, топонимдерден табиғаттың әртүрлілігі, табиғи ресурстар қоры, орографиялық және гидрографиялық атаулар мен терминдер, ландшафт ерекшеліктері мен өзгерістері, климаттық жағдайлар және табиғи-дәстүрлі шаруашылықты негіздейтін сыртқы белгілер, қасиеттер мен атаулар айқын көрінеді. Бірқатар ғалымдардың [4, 5] пікірінше, бұндай зерттеулерде географиялық атауларды мәлімет көзі ретінде пайдалану мәселені шешуге көмектеседі. Ұзақ уақыт бойы бір жерде өмір сүрген тұрғындар табиғи ортаның маусымдық ерекшеліктеріне, ал жихангез ғалымдар саяхаты барысында көрген жерлердің табиғи-климаттық және соның негізінде жүзеге асатын шаруашылық ерекшеліктеріне қарай географиялық нысандарға атаулар беріп отырды. Өйткені, табиғат, климат, географиялық орналасу, тарихи жағдайлар – бұл жер атауларының пайда болуына ықпал ететін жағдайлар болып табылады [6]. Сондықтан, түркі топонимдері арқылы Қазақстанның әртүрлі аймақтарының физикалық-географиялық ерекшеліктерінің көрініс табуын зерттеуді және ортағасырлық кезең мен қазіргі кезеңдегі ландшафттарының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көрсетуді зерттеу мақсаты етіп қойдық. Бұл топонимдер арқылы физикалық-географиялық қырларын зерттеуге, географиялық нысандарды атау және қайта атауға негіз болатын жердің табиғи ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді [7].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында ғылыми дереккөздер мен картографиялық еңбектерге әдеби шолу және деректерге салыстырмалы талдау жасалды. Зерттеудің негізгі әдістеріне сипаттамалық, тарихи, салыстырмалы географиялық, сипаттау, картографиялық (ареалдық), тілдік және статистикалық әдістер кіреді. Сонымен қатар, қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігін танып білудің топонимдік әдісі де зерттеудің негізі ретінде қолданылды.

Бұл зерттеудің алғашқы қадамы зерттеу аймағындағы жер атауларын жинаудан басталады. Бұл атауларды әртүрлі тарихи кезеңдердегі карталардан, ғылыми және тарихи мәлімет көздерінен іздеу арқылы жүзеге асырылды. Осылайша, атаулардың аймақтық ерекшеліктерде көрінуі немесе уақыт өте келе атау солай қалғанымен, физикалық-географиялық жағдайдың өзгеруі сияқты жағдайлар зерделеніп, сипаттамасы берілді.

Қазіргі климаттық өзгеруі жағдайында ландшафттардың өзгерістерін зерттеу, сондай-ақ табиғат құрамбөліктерінің белгілі бір түрлерінің әртүрлі тарихи кезеңдердегі таралу аймақтарын зерттеу ерекше маңызға ие. Бірқатар ғалымдар мұндай зерттеулерде тарихи, салыстырмалы географиялық, статистикалық әдістерден басқа топонимдік әдіс те маңызды екендігін алға тартады. Алайда ландшафттардың географиялық аспектілерін ғылыми зерттеудің топонимдік әдісі сирек қолданылатынын айта кету керек.

Мысалы, фитонимдермен байланысты атаулардың таралуы – аймақтың ежелгі замандағы өсімдік жамылғысының байлығы мен әртүрлілігі, сондай-ақ кейбір бүгінгі күннің реликт өсімдіктерінің сақталуы туралы нақты геоэкологиялық ақпарат береді [8].

Орталық Азияның және оның ішінде Қазақстан аумағының физикалық географиясын және топонимикасын зерттеген ғалымдардың [2-3, 8-12] еңбектеріне шолу жасау арқылы топонимдер арасында аймақтың табиғи-климаттық ерекшеліктерін бейнелейтін географиялық нысандардың атауларының тізімі жасалып, олар топтастырылды.

Топонимдік зерттеулер барысында географиялық атауларды жинақтау, олардың бастапқы атауларын қалпына келтіру мәселелері көтерілді. Мұндай зерттеулердің нәтижелері географиялық атаулардың бірыңғай жүйесін жасауға, олардың кеңістіктегі орналасуын анықтауға және дерекқорды толықтыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттерге шолу. Түркі топонимдерінің Қазақстанның физикалық-географиялық ерекшеліктері мен өзгерістерін сипаттаудағы рөлі туралы зерттеулер көптеген ғылыми еңбектерде қарастырылған. Бұл еңбектерді шартты түрде бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады:

1. Тарихи физикалық-географиялық зерттеулер. Түркі топонимдерінің қалыптасуы мен олардың кеңістіктік таралуы туралы зерттеулер ерте орта ғасырлардан бастау алады. В.В. Бартольд [2, 9-10] еңбектерінде Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы тарихи атаулардың этно-мәдени және географиялық негіздері қарастырылды. Ғалым көптеген жер атауларының түркі халықтарының қоныстану үдерістерімен байланысты екендігін атап өтеді. Одан ертелеу Қазақстан жеріндегі топонимдер туралы мәліметтерді Махмуд Қашқари [13], Ибн Фадлан [14], Барон Гумбольдт [15] сияқты ғалымдардың еңбектерінен кезіктіруге болады. Соңғы жылдары осы бағытта зерттеу жүргізіп жүрген отандық ғалымдардан Kaïmuldinova және басқалардың [3, 16, 17], Yeginbayeva және басқалардың [18] еңбектері топонимика ғылым саласының дамуына үлес қосуда.

2. Ономастикалық, этимологиялық және лингвистикалық аспектілер. Түркі топонимдерін зерттеу барысында олардың этимологиясы мен мағыналық құрылымын талдау маңызды орын алады. Қазақ ономастикасының негізін қалаған ғалымдардың бірі Т. Жанұзақ [19-21] еңбектерінде Қазақстандағы географиялық атаулардың тарихи маңызын жан-жақты сипаттаған. Ол түркі топонимдерінің тек табиғи ерекшеліктерді ғана емес, сонымен бірге халықтың дәстүрлі білімі мен экологиялық түсініктерін көрсететінін атап көрсетеді. Сонымен қатар, осы бағытта Конкашпаевтың [22], Койчубаевтың [23], Әбдірахмановтың [24], Мурзаевтың [25], Спан және Дүйсенбаеваның [12], Көшімованың [11] еңбектерін атап өтуге болады.

3. Топонимдердің ландшафттық өзгерістерді бейнелеуі. Климаттық өзгерістер мен антропогендік факторлар Қазақстанның географиялық нысандарының қазіргі ландшафттық көрінісіне әсер етті. Кейбір топонимдер бұрынғы табиғи ортаны сипаттайтын маңызды дереккөз бола алады. Kaïmuldinova et al. [16] зерттеулерінде Балқаш-Алакөл ойпатының топонимдеріндегі табиғи өзгерістер қарастырылған. Сонымен қатар, Ivascu & Stanik [26] еңбектерінде жер атаулары арқылы тарихи ландшафт динамикасын зерттеу маңыздылығы атап өтіледі. Бірқатар ғалымдар [4, 7, 8, 26-28] мұндай өзгерістер ландшафт компоненттерінің атауларынан, яғни, оронимдер, гидронимдер, фитонимдер және зоонимдер арқылы да айқын көрініс табатынын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері. «Қазақстан аумағында шөл зонасынан бастап, орман зонасына дейінгі 4 табиғи зонаның айқын көрінуі, ұлан-ғайыр аумақтың 1/10 бөлігі таулы болып келуі – қазақ халқының күнделікті өмірі мен шаруашылық жағдайына тікелей әсер еткен негізгі фактор болып саналады. Елдің алуан түрлі табиғатына байланысты жергілікті жерлердің физикалық географиялық ерекшеліктерін сипаттайтын топонимдер қалыптасқан. Оларды мынадай топтарға бөлуге болады:

1. *Жер бедерін сипаттайтын топонимдер.* Аймақтың жақын жер бедерінің ерекшеліктеріне байланысты ашық (айқын) жер атауларын зерттеу барысында топонимика зерттеу құралы қызметін атқара алады. Ол тақырыптық карталар жасау, сайлар мен үңгірлерді, көшкіндерді және пайдалы кен орындарын анықтауға және зерттеуге көмектеседі. Сонымен қатар, геология ғылымындағы жер атауларының түсініксіз мағыналарын түсінуге және тілдік интерпретациялар негізінде этимологиялық гипотезаларды айқындауға көмектеседі. Бұл әдіс ұқсас жер атаулары бар орындардың геологиялық сипаттамаларына қатысты фондық және салыстырмалы физиографиялық талдауларды құрастыру арқылы жүзеге асады. Ол көптеген жер атауларының шығу тегін анықтау, оларды тану және әртүрлі қолданбалы мәселелерді шешуде елеулі әлеуетке ие [27].

Қазақстандағы көптеген табиғи аумақтық кешендер мен географиялық нысандардың атауы – олардың физикалық географиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, Құмды-көл – құмды жағалауы мен түбі бар көл; Терең-сай – терең сай; Қызыл жар – қызыл түсті саздан тұратын жар, Кішкене оба – кіші қорған; Үлкен Оба – үлкен қорған; Қиялы – тік әрі тасты беткей; Шолақ-өзек (Чулак Узек) – қысқа сай; Бастау – таудың жоғарғы бөлігі; Бестөбе – бес төбе; Бұғын-сай – жырадағы өзен; Айыркұм – тармақталған құмды жер; Аяқкөл – төменгі көл; Баскөл – жоғарғы көл;

Бастомар – жоғарғы батпақ; Дөңгелек алқа – дөңгелек алан; Қаратау – қара тау; Қаратас – қара тас; Кішкене Оба – кіші қорған; Қособа – қос қорған; Сарыоба – сары төбе; Сулышоқ – сулы жердегі шағын орман; Шайтантөбе – шайтан тауы; Шайтантомар – шайтан батпағы; Шайтанөзек – шайтан сайы; Ақтас – ашық түсті жартастар орналасқан жер және т.б. Орографиялық терминдер арасында ең жиі кездесетіндері: «тау», «төбе», «асу», «бел», «сай». Жоғарыда айтылған Бестөбе, Қаратас, Қаратау, Ақтас сияқты атаулар елімізге көршілес жатқан аймақтарда да көптеп кездеседі. Мысалы, М.Қашқари еңбегінде Хотан қаласын айналып ағатын екі өзеннің бірін Ақтас деп атайды [29]. Бұл атау сол жерде таза мөлдір ақ тасқа байланысты пайда болған деп көрсетеді. Хотан қаласы қазіргі Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданына қарасты жер.

Қазақстанның физикалық-географиялық аудандарының кейбірлерінің атауы да сол ауданның табиғи ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, Сарыарқа, Жетісу Алатауы, Тянь-Шань, Сауыр-Тарбағатай. Осы физикалық-географиялық аудандардың ішінде ірі табиғи аумақтық кешендердің немесе ландшафттардың атауы да оның ерекшеліктерін көрсетеді.

Арқа, арқалық топонимдері таумен салыстырғанда аласалау жер бедерлерін көрсетеді. Орталық Қазақстандағы Арқа жерін, Қостанай облысындағы Арқалықты мысал ретінде қарастыруға болады. Бұл атаудың мағынасын Ғ.Қоңқашпаев «жалдары тегістеу, бірдей, аласа келген жота, қырат» деп жазады [22]. Арқалық атауы негізі арқа терминімен байланысты. Арқа түркі тілдерінде солтүстік немесе батыс мағынасында қолданылады [21].

Қараой атауын Е. Қойшыбаев тікелей түркі тілінен «қара ойпат» мағынасында болғанымен, екінші тараптан «қара» сөзі «төбе, таулы жер» деген мағынада қолданылуы мүмкін дейді [23]. Осы жерде Алматы облысындағы Қараой Жоңғар Алатауының батыс тармақтарының, яғни Малайсары тауының жалғасы болып келетіндігі көрсетілген. Автор келтірген басқа да мысалдар Қараой – биік үстірт екендігін көрсетеді. Осы ойды қорытындылай келе Э.М.Мурзаев топоним ретінде Қазақстан оронимдерінде «таулы ойпат» мағынасында кездеседі деп көрсетеді [25].

Қазақстанның 44 пайызы шөл зонасында орналасқан. Бұл аймақтың шөлді аймақ екендігін айғақтайтын түркі топонимдері жеткілікті. Мысалы, Бетпақ дала - түркі, моңғол және тунгус-маньчжур тілдеріне тән «шөлді дала» деген мағына береді. Орыстілді ғылыми еңбектерде «Голодная степь» деп аталғанымен, бірақ бұл бастапқы топонимнің дәл аудармасы емес. Мысалы, 1893 жылғы энциклопедиялық сөздікте «Голодная степь – атауымен Түркістанда тек көшпелі өмір сүруге қолайлы бірнеше кең-байтақ сусыз дала аймақтары белгілі. Олардың ішінде екі мекен осы атаумен аталады. Біріншісі: ...Бек-пақ дала, Шу өзенінің солтүстігінде, Балхаш көлінің батысында...» делінген [30]. Географиялық термин «дала» – бұл өзіне тән ерекшеліктерімен танымал және Кавказдан Тынық мұхитына дейінгі кең аумақта қолданылатын атау [31].

Қазақстанның орталық бөлігінде орналасқан шөлді өңір. Қарақұм – географиялық терминологияда көне түркі тіліндегі "қара" сөзі жер, құрлық деген мағынаны да білдірген. Шөл зонасында бірнеше рет кездесетін ландшафт. Қызылқұм - «қызыл» + «құм» қызыл түстер аралған шөл. Бұл атаулар бір қарағанда түсінікті болып көрінеді: Алайда, бұл топонимге қатысты әртүрлі, кейде қарама-қайшы ақпарат бар. Түрікмендер қарақұм атауын өсімдіктермен бекітілген құмды аймақтарға қолданады.

Қаракемер топонимі еліміздің барлық дерлік аймақтарында кездеседі. Алматы, Ақтөбе, Жамбыл облыстарында елді мекен атаулары болса, басқа аймақтарда оронимдер ретінде таралған. Атаудың негізгі мағынасы «су шайған жағалау» болып келеді [25]. Яғни, өзен суының мол кезеңінде судың жағалауды шайып кеткен тұстарын «кемер» деп атаған. «Қара» сөзі сол жердің топырағының, тастың түсіне байланыстылығы байқалады. Мысалы, Сарыкемер атауы осы жерде түске байланысты екендігін нақтылап тұрғандай.

Бұл атаулар ойконимдер мен орографиялық нысандарға тән және сол жердің ландшафтының ерекшелігін көрсетеді.

2. *Су нысандарымен байланысты топонимдер.* Географиялық ортаның ерекшеліктері географиялық нысандарды атау берудің негізгі факторы болып табылады. Кейбір топонимдерде белгілі бір аймаққа тән емес географиялық ерекшеліктер бейнеленеді. Мысалы, «ағаш» немесе «су» сияқты лексемалары бар топонимдер шөлейт және шөл аймақтарында жиі кездесетіні және бұл біркелкі ландшафт жағдайында бағыт-бағдар беруші ретінде қызмет ететіні анықталды [16].

Су нысандарына байланысты топонимдерге мысал келтірсек: Бескөл – бес көл; Бесқұдық – бес құдық; Қарасу – қара өзек; Қаратомар – қара батпақ; Қоскөл – қос көл; Құдайқұдық – қасиетті

бұлақ; Өзек – шағын өзен; Сарытомар – үлкен батпақ; Ұзынкөл – ұзын көл; Ұзынқарасу – ұзын өзек; Шеген – құдықтың ішкі ағаш құрылғысы; Бұлақ – бұлақ; Жарма – жырадағы өзен және т.б. Су нысандарына қатысты гидронимдерде «сай», «көл», «бұлақ» және «су» терминдері жиі кездеседі.

Осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеу нәтижелері Арал, Балхаш, Алакөл көлдерінің атаулары ғана емес, жағалау сызықтары мен акваториясының тарихи кезеңдерде айтарлықтай өзгерістерге ұшырағандығын көрсетті [16]. Орталық Азиядағы мұндай ірі су нысандарындағы өзгерістер шөл зонасының физикалық-географиялық ерекшелігін көрсетеді. Алакөл атауы көлдің ерекшеліктерін көрсететін атау. Алакөл атауының мағынасын Телқожа Жанұзақ Алакөл құрамына енетін көлдердің көлемі, суы, аумағы әртүрлі болуына байланысты деп түсіндіреді [20]. Ғалымның айтуынша бұл көлдердің (Алакөл, Сасықкөл, Қошқаркөл) көлемі әртүрлі, суының түсі де Алакөлде қара көк, Сасықкөл көкшілдеу келсе, басқаларында бозғылт, сарғыш болып келеді. Сондықтан да, халық арасында Алакөл атануы заңдылық деп пайымдайды. Е.Койчубаев атаудың халық этимологиясы түрлі түске байланысты екенін айта келе, И.Сергеевтің түсіндірмесіне сүйеніп «таудағы көл» мағынасына да тоқталады [23]. Дегенмен, біз жоғарыда Т.Жанұзақ пайымдауымен келісеміз.

Қазақстан аумағында ірілі-ұсақты 85 мың өзен бар. Олардың ішіндегі ең ірілеріне Ертіс, Тобыл, Есіл, Жайық, Сырдария, Іле, Шу өзендері жатады. Ең ірі өзен - Ертіс атауы Махмұт Қашқари сөздігінде кездеседі. Онда: «Иемек даласындағы бір өзеннің аты. Бірнеше тармақтық бұл дария сол жердегі бір көлге құяды. Бұл дарияны Ертіс суы дейді» - делінген. Демек бұл өзеннің атауы XI ғасырдың өзінде белгілі болып, күні бүгінге дейін сол қалпында сақталған.

Бұл атау көне түркі тіліндегі иер – «жер» және тіс, іс – «өзен» мағынасын беретіндігін және де Қарасу атауына сәйкес келетіндігін ғалым Т. Жанұзақ жазады [19]. Автор бұл мағына өзеннің халық арасында Қара Ертіс аталуына себеп болды дейді. Яғни, Ертіс суы жер асты суымен толығатын тұсында өзеннің суы молайып Қара Ертіс атауына ие болады.

Есіл атауының жер бедерін айқындайтын топоним екендігі Т.Жанұзақтың еңбектерінде айтылған [20]. Ғалым бұл топоним «кең дала, жазық жердегі суы мол, үлкен өзен» деген мағынада жер бедерін сипаттайды дегенді алға тартады. Көне түркі тіліндегі мағынасында *jası* - «дала», *jazi* - «тегіс, жазық» және –ыл, -іл, -ел - «ылғал», «саз», «су» болып келеді.

Ақсу аталатын өзендер өзінің бастауын биік тау қарының суынан алады. Мұндай атаулар құрғақ және шөлді тауларға тән еместігін Э. М. Мурзаев атап кеткен болатын [25]. Автор мұндай өзендер өздері қоректенетін мұздықтың лайының әсерінен қызғылт, сұр, жасылдау түсті болуы мүмкін деген пікір айтады. Сонымен қатар, биік тау қарынан қоректенуі арқылы ағысы да жылдам болады.

Қарасу топонимі еліміздің көптеген аймақтарындағы жер-су атауларына тән. Көне түркі тіліндегі мағынасы «жер-су» дегенді білдіреді [23]. Мұндай өзендер негізінен тау аралық аңғарларда, тау етегінде жер асты суларымен қоректенеді. Жерден, яғни жер асты суларынан қоректенгендіктен де осы «жер-су» мағынасына ие.

Ақсу және Қарасу топонимдері Қазақстан территориясымен қатар Өзбекстан мен Қырғызстан жерінде де көптеп кездеседі.

3. *Өсімдік атауларына негізделген топонимдер.* Қазақстанның әртүрлі физикалық-географиялық аймақтарында өсімдіктер мен ағаш атауларына байланысты көптеген топонимдер кездеседі. Бұл топонимдер өсімдіктердің барлық түрлерін қамтымайды, тек қазақтардың экономикалық және этномәдени өмірінде маңызды рөл атқарған өсімдік түрлерін ғана көрсетеді [8].

Ең жиі кездесетін атауларға: Қарағай – карағайлы орман; Қарақамыс – қамысты жер; Арланғаш – аралдағы орман; Қаратал – кара тал өсетін жер; Қарағаш – карағаш; Көктерек – көк терек; Қызылағаш – қызыл ағаш; Саумалкөл – қымыздық өсетін көл; Қарағайлы – карағай көп өсетін мекен; Талды – талдар өсетін жер; Қоға – қамыс тұқымдас өсімдік; Қараған – караған ағашы; Қияқ – дала кара бидайы; Өлең – шөп; Арпа – арпа; Алма – алма ағашы; Арша – арша; Терек – карағай, терек; Бидай, Бидайық – бидай, сұлышөп; Боз – қамыс; Жусан – жусан; Итмұрын – итмұрын; Кендір – кендір және т.б.

Мұндағы Қарағай топонимі – Атырау мен Шығыс Қазақстан, Қарақамыс – Батыс және Шығыс Қазақстан, Қаратал – Жетісу мен Қарағанды, Көктерек – Түркістан мен Батыс Қазақстан,

Қызылағаш – Жетісу, Батыс Қазақстан мен Ақмола облыстарының территорияларында кездеседі. Олар ойконимдерге, оронимдерге, гидронимдерге тән.

Қаратал, Қарағаш, Көктерек, Қызылағаш, Терек, Арша сияқты топонимдер елімізден тысқары Түркия, Грузия, Кабардин-Балқар жерінде, Қырғызстан мен Өзбекстан территориясында кездеседі.

Бұл топонимдер аймақтың табиғи жағдайының, тіпті шаруашылық жүйесінің ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанның шөлдерінде судың жетіспеушілігінен әртүрлі шөптесін өсімдіктер өседі. Бұл өсімдіктер түйелердің негізгі азығы болып табылады және Қазақстанның 16 топонимінде аталған. Шағалы – ақ жусан (*Artemisa starea alba*) өсетін аймақ атауы. Қараған – бұршақ тұқымдасына жататын өсімдік, ал қызылша – қызылша немесе қызыл сексеуіл тұқымдасына жататын өсімдік. Қияқ (дала қара бидайы) сияқты фитотопонимдер Оңтүстік Қазақстанда жиі кездеседі [8].

Керісінше отар сөзі отты, яғни шөпті деген мағына береді. Белгілі ғалым Э. М. Мурзаев *отар* түркі тілінен шығып жайылым, ауылдан алыс жайлау мағынасын береді деп жазады [25]. М. Қашқаридің «Түрік сөздігінде» *от* – мал жейтін шөп, *арт* – арты, тау асуы, таудың төбесі мағынасында берілген [13]. Яғни таудың төбесіндегі немесе артындағы мал жайылымы деген мағынаны беріп тұр. Шын мәнінде де сол аймақтағы мал жайылымына ыңғайлы жер. Отар қазіргі Жамбыл облысының территориясындағы елді мекен атауы.

Қамыспен байланысты топоним Қазақстанда 40 географиялық атауда кездеседі (мысалы, Жалқамыс, Бесқамыс, Қарақамыс, Сарықамыс, Майқамыс, Майлықамыс, Құсқамыс, Күрқамыс, Жаманқамыс, Жарымқамыс, Ұзынқамыс, Бауырқамыс, Аяққамыс және т.б.). Олардың көпшілігі еліміздің солтүстігіндегі жер-су атауларында кездеседі.

Қарағай (қарағай) – эфебиоттық өсімдік. Ертіс өзенінің ойпатында оңтүстік-шығыс Сібір жазығының шекарасы бойында қарағайлы ормандар кездеседі. Сондықтан Павлодар облысында осы өсімдікке байланысты көптеген жер атаулары бар: Қарағай (өзен және аудан), Қатонқарағай (жер), Қарағайлы (аудан), Қарағайлыбұлақ (өзен), Қарағайлытас (тау – 677 м), Жалғызқарағай (аудан), Топқарағай (аудан), Бесқарағай (қоныс), Жүзқарағай (аудан), Майқарағай (қоныс). Бұл атаулар қарағай ағашының санына, оның қасиеттеріне немесе аймақтағы таралуына байланысты берілген. Мысалы, Қатонқарағай атауындағы «қатон» сөзі көне түрік тілінде «қатың», қазіргі қазақ тілінде «қайың» мағынасын білдіреді [24]. А. Әбдірахманов бұл атау өгеріске ұшыраған деген пікір білдіреді. Бастапқыда Қатыңқарағай аталып, «қайың - қарағай» мағынасын білдірген.

4. *Жануарларға қатысты топонимдер.* Адамдар мен жануарлардың ғасырлар бойғы байланысы осы қарым-қатынасқа қатысты географиялық нысандарды қабылдаудың белгілі бір ассоциациялары мен стереотиптерін қалыптастырады. Сондықтан топонимдерде зоонимдік компоненттің пайда болуы кездейсоқ емес, керісінше, ол коммуникативтік және әлеуметтік тұрғыдан негізделген. Мысалы, көптеген түркі халықтары мекендейтін қазіргі мемлекеттер – Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан аумағында кездесетін **Kurtdere** («Қасқыр аңғары») топонимі түркі халықтарының исламға дейінгі мәдениетімен және **kurt** (қасқыр) зоокомпонентінің тотемдік сипатымен тікелей байланысты [28]. Қазақстан жерінде Қасқырлы деп аталатын Жетісу (Жоңғар) Алатауының солтүстік жотасы Көкжота (2987 м) тауларындағы асу бар, Орал мен Мұғалжар тауларының түйісетін Азия мен Еуропаның шекарасында Қасқырлы сарқырамасы бар. «Бөрілі» атауымен Батыс Қазақстан облысының аудан, Қызылорда облысы Жаңадария өзенінің жағалауында тарихи қоныс, Семей қаласына жақын жерде елді мекен бар. Бұл топонимдер аймақта қасқырдың көп болуымен немесе жиі кездесуімен байланысты қалыптасқан. «Қасқырлы» немесе «бөріліден» басқа құлан, ешкі атауымен байланысты зоонимдер Қазақстан жерінде өте көп кездеседі. Мысалы, Жамбыл облысындағы Т. Рысқұлов ауданының орталығы Құлан ауылы.

Жоғарыда аталғандардан басқа мысалдар, Балықты – балығы мол су; Қарғалы – қарғалар көп мекендейтін жер; Қарабура – қара түйе; Аққозы – ақ қозы; Тайсай – тай (жас жылқы) жүретін жер, Бөкенбай – бөкенге (киік) бай жер, Қоянды – қоян көп кездесетін жер, арқарлы – арқары көп мекен, Жыланды – жыланы көп жер және т.б.

Балықты – Түркістан мен Солтүстік Қазақстан, Қарғалы – Алматы мен Ақтөбе, Қарабура – Түркістан, Аққозы – Батыс Қазақстан, Тайсай – Ақмола облыстарында болса, Қоянды мен Жыланды топонимдерін еліміздің барлық дерлік аймақтарында кездестіруге болады.

5. *Топырақ пен пайдалы қазбаларға қатысты топонимдер.* Топырақ пен пайдалы қазбаларға қатысты топонимдер – жердің табиғи ерекшеліктерін, геологиялық құрылымын және эконо-

микалық маңызын сипаттайтын атаулар. Мұндай топонимдер көбінесе аймақтың топырақ жамылғысы, кен орындары немесе басқа да минералдық ресурстарымен байланысты болады. Топыраққа қатысты топонимдер көп жағдайда, жердің түсі, құрамы және құнарлылығына байланысты қалыптасса, пайдалы қазбаларға қатысты топонимдер кен орындарына немесе минералдардың шығу аймақтарына байланысты пайда болған.

Мысалы, Ақтас – ақ түсті тас; Жамантуз – тұзды көл; Ащысай – тұзды сай, Қызылқұм – "қызыл" (топырақтың қызғылт түсті болуы) + "құм" (шөлді ландшафттың сипаты), Сарыарқа – "сары" (сары топырақ пен құрғақ дала) + "арқа" (жазық жер, қыратты аймақ), Ақтау – "Ақ" сөзі әктасты немесе ақ түсті тау жыныстарына қатысты, Теміртау – "темір" (темір кендері) + "тау", Жезқазған, Мысқалы – жез, яғни, "мыс" (мыс кені бар аймақ) және т.б. Бозды – селеулі топырақ "тың (бұзылмаған) жерді" білдіреді. Е. Қойшыбаевтың айтуынша, "Бозайғыр" сөзі екі түбірден тұрады: «боз» – бетеге мен селеу өсетін жерлерде қолданылатын термин, ал «айғыр» – осы жерлердің ерекшелігін айқындайды. Мысалдар: Бозайғыр, Бозайғырсор, Бозарал, Бозша, Бозшакөл, Бозбай, Бозалаң, Бозтоғай, Бозтомар.

Қарақұм – Орта Азиядағы ең үлкен құмды шөл. Алғашқы қарағанда атаудың мағынасы түсінікті болып көрінеді: «қарақұм», түрікмен тілінде «гарагум» – «қара құм». Алайда, бұл топонимге қатысты әртүрлі, кейде қарама-қайшы ақпарат бар. Түрікмендер бұл атауды өсімдіктермен бекітілген құмды аймақтарға қолданады. Бұл құм барханды, қозғалмалы құмдарға қарама-қарсы, оларды «акқұм» (түрікменше «аккум») деп атайды, яғни өсімдіктерсіз ақшыл таза құмдар [25]. Демек Қарақұмда Қызылқұм және Аққұмдармен салыстырғанда өсімдік жамылғысы қалың болып келеді.

Аққұмның былай аталуы мұнда өсімдіктер кездеспейді, яғни «таза құм» мағынасын білдіреді. Э. М. Мурзаев «аққұм» аталатын құмдардарда өсімдіктер жоқ, мұнда жылжымалы құм төбелері байқалады деген пікір білдіреді [25]. Автор бұл атау «төгілу, ағылу» мағынасын беруі де мүмкіндігін айтады. Мұнда құмның көшуіне кедергі келтіретін өсімдіктің жоқтығын ескерсек, шын мәнінде атау ландшафтты дәл бейнелеп тұр.

Қазақстан аумағының физикалық-географиялық ерекшеліктерін көрсететін түркі топонимдерін зерделей келе Қазақстанның бірқатар аймақтарында ландшафттық өзгерістердің де орын алғанын анықтадық. Өйткені топонимдер тек жер-су атауы ғана емес, сонымен бірге сол аумақтың географиялық, климаттық және экологиялық өзгерістерін сипаттайтын маңызды ақпарат көзі болып табылады. Олар Қазақстан аумағында әртүрлі аймақтардағы гидронимдер, ойконимдер, оронимдер және лимнонимдер арқылы көрініс тапқан (кесте).


Қазақстан аумағындағы ландшафттық өзгерістерді көрсететін топонимдер

Toponyms reflecting landscape changes in Kazakhstan

Топонимнің атауы	Мағынасы және шығу тегі	Орналасқан жері
Аралтөбе (ороним, ойконим)	Көптеген төбелердің атаулары. «көлдегі арал» мағынасында.	Қазақстан мен Орта Азиядағы оронимдерге тән атау.
Балқаш (лимноним)	Көне түркі тілінен аударғанда «балшық», «саз» дегенді білдіреді. Ал, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде балқаш сөзінің мәні көгал, шүйгін, балдыр т.б. ұғымдарда түсіндірілген.	Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы (Жетісу, Алматы, Жамбыл және Қарағанды, облысының әкімшілік шекарасының түйіскен тұсындағы) тұйық көл
Жайық (гидроним)	Түркі сөзінен шыққан «жайылып аққан су» дегенді білдіреді»	Қазақстанның батысындағы ірі өзен.
Қазансу (гидроним, ойконим)	Қазақ тіліндегі «қазан» және «су» сөздерінің негізінде қалыптасып, «ой, шұңқыр жердегі су» мағынасында.	Жетісу облысы, Кербұлақ ауданына қарасты елді мекен.
Қаншымсай (гидроним)	Қан – «бұлақ, арна, қайнар, бастау» Шым – «көпжылдық шөптер басқан жердің беткі қабаты» не «көгал жер», сай – төмен орналасқан жер деген мағына береді.	Қазақстанның Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданындағы құрғақ өзен арнасы.
Қарағайлы (ойконим, фреаратоним)	Ландшафттық ерекшеліктерімен байланысты қарағай ағаштың саны көп жерді немесе аймақты білдіреді.	Қазақстанның Маңғыстау және Қызылорда облыстарындағы жер және құдық атауы.

Қостөбе (ороним, ойконим)	«Екі төбе» мағынасында қолданылады.	Еліміздің көптеген ойконимдеріне тән атау.
Мұзбел жотасы (404 м) (ойконим, ороним)	Түркі тілдерінен «мұзды бел» дегенді білдіреді.	Маңғыстау облысы, Үстүрттің оңтүстік-батысындағы жон, Ұлытау тау жүйесіндегі тау, Қарағанды облысы, Нұра өзенінің сол жағалауында орналасқан жон
Мұздық (ороним, ойконим)	Мұз сөзіне -дық жұрнағының жалғануы топонимнің түркі тілдерінің сарқыншағы екенін сипаттайды.	Павлодар облысындағы тау, елді мекен аттары.
Мыңбұлақ (ороним)	Мың бұлақ (саны өте көп бұлақ) кездесетін жер.	Шудан 400 ли (200 км) батысқа, ал Таластан 140-150 ли (70-75 км) шығысқа қарай орналасқан мекен және <i>Түркістан облысы Бәйдібек ауданындағы ауыл</i>
Сарысу (гидроним, ойконим)	«Үлкен, ірі» немесе «кең» өзен мағынасында.	Қазақстанның орталық және оңтүстігіндегі өзен және елді мекен атауы.
Талғайраң (ойконим)	Тал («бұта») + қайраң сөздерінен қалыптасқан талды-шілікті жағалаудың аты.	Каспий жағалауындағы елді-мекен аты (Атырау облысы).
Үстірт (хороним)	«Үстіңгі (жоғарғы) жұрт» немесе үстіңгі бет деген мағынаны береді.	Батыста Маңғыстау түбегі мен Қарабұғазкөл шығанағы, шығыста Арал теңізі мен Өмудария атырауы аралығын алып жатқан дөңесті аймақ.
Іле (гидроним, ойконим)	Көне түркі тілінде «жаңбырдан кейінгі иленген жер» мағынасында.	Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы Балқаш көліне құятын трансшекаралық өзен.

Кестеге жинақталған топонимдердің кеңістіктік орналасуы төменде 1-суретке жүйеленіп берілді (сурет).



Ландшафттардың трансформациясы: кеңістіктік көрінісі

Landscape transformation: spatial representation

Мұнда, жоғарыда атап өткеніміздей, табиғат зоналарына сай келмейтін бірнеше атаулардың бар екеніне көз жеткізуге болады. Мысалы, шөл зонасында орналасқан Маңғыстау, Қызылорда, Атырау сияқты облыстарда Қарағайлы, Мұзбел, Талғайраң т.б. атаулардың кездесуі, ландшафттардың трансформациясына негіз болып, уақыт динамикасындағы климаттық өзгерістердің орын алғанын көрсетеді. Түркі атауларының көпшілігі орта ғасырларда туындағанын ескерсек, сол кезеңде еліміздің оңтүстік өңірінде, жалпы Орта Азияда гумидті климат болғаны мәлім [17]. Сондықтан да, аймақта сақталған тарихи атаулардың мағынасы климаттың өзгеруі нәтижесінде қазіргі ландшафттың сипатына сәйкес келмейтіні анықталды. Енді, осы атаулардың мән-мағынасына байланысты ғалымдар келтірген негіздемесіне тоқталатын боламыз.

Аралтөбе атауы Қазақстан мен Орта Азиядағы көптеген оронимдерге тән. Э. М. Мурзаев «арал» түркі сөзінің ар – «бөлу, бөлек» немесе ара – «аралық, екі нысан арасындағы арақашықтық» мағынасын беруі ықтимал деп жазады. Автор «төбе» сөзінің де түркі тілінен пайда болғандығын айтады [25]. Бұл атаудың да кейбір өңірлерде судың тартылуынан өзіне жүктелген сипатына сай еместігін байқаймыз. Барон Гумбольдт Сібір мен Каспи теңізіне 1829 жылғы саяхаты кезінде: ... Семейден 100 верст қашықтықта «Көлдің ортасында Аралтөбе аталатын төбе (тау) тұр...» – деген жазба қалдырған [15]. Бұдан бөлек Батыс Қазақстан, Атырау облыстарында ойконим түрінде, Абай облысы Ұржар ауданы Сасықкөл көлінде ороним түрінде кездесетінін мысал ретінде келтіруге болады (сурет).

Балқаш атауы ежелгі түркі тілінен аударғанда «балшық», «саз» дегенді білдіреді. Ал, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде балқаш сөзінің мәні көгал, шүйгін, балдыр т.б. ұғымдарда түсіндірілген. Балқаш деп аталатын табиғи объектілер басқа жерлерде де тіркелген: Балқаш (кент, Ақтөбе облысы), Балқаш (көл, Павлодар облысы), Балқашсор (тұзды көл, Павлодар облысы), Балқаштыбұлақ (бұлақ, Оңтүстік Қазақстан облысы).

Сонымен қатар, Батыс Қазақстандағы топонимдерден көзге түсетіні **Жайық** өзені. 908-932 жылдары Еділ бойына саяхат жасаған Ахмед Ибн-Фадланның жазбаларында **Джайх (қазіргі Жайық)** «біз көрген өзендердің ең үлкені және ең ағыны қаттысы» деп атаған деректер бар [15]. Бұл деректер Жайық өзенінің бұрынғы кезеңдерде әлдеқайда ірі өзен болғанын білдіретін сияқты. Жалпы алғанда, Батыс Қазақстанның шөлді даласында бұрын ылғалдылық жоғары болғанын айғақтайтын көптеген топонимдер бар. Олар: *Қанишымсай, Қанишымтұран, Қансу (көп рет кездеседі), Қанқұм, Қанқұдық, Қандыбас, Қанқыстау, Қанай, Қаңға, Қаңғабаба* және т.б. Бұл топонимдердегі қан сөзі «су», «өзен» мағынасында қолданылатын географиялық термин [11].

Қазансу атауы қазақ тіліндегі «қазан» және «су» сөздерінің негізінде қалыптасып, «ой, шұңқыр жердегі су» мағынасын береді [21]. Бұл елді мекен Жетісу облысы, Кербұлақ ауданына қарасты Сарыбұлақ ауылдық округінің құрамына кіреді. Алайда, елді мекен ішінде немесе оның маңында көл кездеспейді.

Сонымен қатар, **«Қарағайлы»** топонимі де қазіргі сипатына сәйкес келмейтін фитоним ретінде шөл зонасы алып жатқан аумақта таралған. Негізінен қарағайлы ормандар Қазақстанның шығысындағы жауын-шашын жақсы түсетін Алтай, Сауыр тауларында, Ертіс өзені алқабында, Орталық Қазақстанда Сарыарқаның аласа таулы, гранитті массивтерінде, солтүстікте Торғай қолатында таралған [32]. Дегенмен, бұл топонимдерді жазық жер бедері тән, шөлді өңірлерде: Маңғыстау облысында 2, Қызылорда облысында 1 атау таралған. Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында Қарағайлы деп аталатын қыстау және құдық бар [11].

Жергілікті жердің суының мол болғанын білдіретін атаулардың бірі – **Мың бұлақ**. Сюань-Цань бұл мекенді «1000 бұлақ» деп көрсетіп, Шудан 400 ли (200 км) батысқа, ал Таластан 140-150 ли (70-75 км) шығысқа қарай орналасқандығын және бұл аймақта көптеген көлдер, тоғандар, биік және тығыз ағаштар болды деп жазады [9]. Жоғарыда келтірілген дерек бойынша атау заманымыздың VII ғасырының өзінде-ақ белгілі болғанын байқаймыз.

Еліміздің орталығы мен оңтүстігіндегі ірі өзендердің бірі **Сарысу** жазық даланы ағып, Бетпақдалаға сіңіп кетеді. Бұл атаудың мағынасы оның суының молдығымен және ұзақ жерге ағыуымен байланыстырылады [20]. Топоним құрамындағы сары сөзі «үлкен, ірі, зор» мағынасында қолданылады. Сонымен қатар, бұл гидронимнің мағынасын «кең өзен» деп те айтады [23].

Үстірт – Қазақстан, Өзбекстан және ішінара Түрікменстан аумағындағы шөлді үстүрт. В. Л. Корженевский жергілікті тұрғындардың бұл атауға берген түсініктемесін келтіреді: Үстірт – «қыратты үстірт, ол төменгі жазықтықтан биіктігімен ажыратылады.

Өзбекстанның басқа аймақтарында да осындай талдау жүргізіліп, нәтижелері диаграммаларда және кестелерде көрсетілген. Бұл зерттеулердің нәтижелері елдің 1:1 000 000 масштабтағы топонимдік картасында бейнеленген [7].

Іле атауының көне түркі тілдеріне тән екендігін ғалым Телғожа Жанұзақ жазады [21]. Ол бұл атаудың М. Қашқари еңбегінде көрсетілгендігін алға тартып, атау «өзен, су» мағынасын береді деп топшылайды. Гидронимнің көне түркі тіліндегі мағынасы «жаңбырдан кейінгі иленген жер» дегенге саяды. Іле атауы М. Қашқари еңбегінде бірнеше мәрте кездеседі. Бұл Іленің сол XI ғасырдың өзінде стратегиялық маңыздылығы болғандығын аңғартса керек.

Сонымен, мағынасында суының молдығын, өзеннің кеңдігін немесе бұлақтардың көптігін және басқа да ерекшеліктерін көрсететін атауларды көрсеттік. Біз тізбектеген бұл атаулар жоғарыда көрсеткеніміздей өзінің сипатына сәйкес келмейді.

Нәтижелерді талқылау. Түркі топонимдері Қазақстан территориясында кең таралған және ол ел аумағының, аймақтарының физикалық географиялық ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Бұған қазақ тілінің түркі тілдері тобына кіретіні зор ықпал етеді [2]. Түрік географиялық номенклатурасы өте монотонды; өлкенің бүкіл кеңістігінде атаулар үнемі қайталанатынын жазады. Мысалы: Ақ-көл, қара-көл, ақ-су, қара-су және т.б. Дегенмен осындай топонимдер көбінесе аумақтың физикалық-географиялық ерекшеліктерін, оның табиғи ортасын, ландшафттың құрылымы туралы ақпарат береді. Сондықтан, белгілі бір аумақтың табиғи жағдайының қазіргі және тарихи жағдайын зерттегенде топонимдерді талдау өте маңызды. Бұл зерттеушілерге аумақтың табиғи ерекшеліктері, өткен уақыттағы өзгерістері мен ландшафт ерекшеліктері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді [7].

Көптеген ғалымдардың [3, 6, 8, 33] пікірінше топонимдер – бұл физикалық-географиялық, әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлардың аумақтық ерекшеліктерін білдіру нәтижесі, олар «адам – аумақ», «адам – қоршаған орта» арасындағы байланысты көрсетеді.

Белгілі ғалым Қ. И. Сәтбаев пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу барысында топонимикалық әдісті қолданған және оларды сенімді белгілер қатарына бекерден-бекер енгізбеген [18].

Atasoy және Yeginbayeva [8] флора мен фаунаының табиғи аймақтар бойынша таралу ерекшеліктерін топонимдер арқылы анықтауға болатынын көрсетеді. Топонимдер – көбінесе жергілікті ландшафттағы өзгерістерді бастан кешіреді, ландшафт динамикасының немесе жерді пайдаланудағы өзгерістердің тарихи құжаттарына айналады [34].

Ландшафттарда бұрынғы жер пайдалану іздері – тек олардың физикалық құрылымында (мысалы, террасалар, жер учаскелері, орман құрылымы, ағаш формалары) ғана емес, сонымен қатар сол жерде өмір сүрген қауымдастықтардың берген атауларында да сақталған. Жер атаулары тарихи ландшафттың тірі естелігі болып табылады. Олардың мағыналары белгілі бір жер пайдалану жүйелеріне немесе тәжірибелеріне, маңызды әлеуметтік құбылыстарға, діни немесе табиғаттан тыс сенімдерге, географиялық және геологиялық қалыптасуларға, сондай-ақ өсімдіктер мен басқа да ресурстарға және олардың қолданылуына қатысты болуы мүмкін [26]. Алайда жануардың тіршілік ету іздері оның аймақта сирек кездесетін жағдайында да топонимнің пайда болуына себепші болуы мүмкін [28].

Көптеген жағдайларда жер атауларының артында тұрған шындық (шаруашылық түрлері, өсімдіктер, су нысандары және т.б.) бүгінде сол ландшафтта кездеспеуі мүмкін. Бірақ олардың жергілікті қауымдастықтардың жадында және мәдениетінде сақталуы адамдар мен олардың қоршаған ортасы арасындағы күрделі және динамикалық байланысты көрсетеді [26]. Mirakmalov et al. [7] жер атаулары ландшафттық динамика, жер пайдалану, өсімдік құрылымы және оның өзгерістері туралы маңызды мәліметтерді көрсететінін және тарихи кезеңдерде жер пайдалану үлгілерін жақсырақ түсінуге болатынын көрсеткен. Топонимдер табиғатты қорғау және ландшафттарды қалпына келтіру шараларын жүзеге асыруда құнды ақпарат көзі болады. Өйткені, топонимдер – жай ғана географиялық атаулар емес, олар белгілі бір ортаның табиғи, тарихи және мәдени жағдайы туралы мәлімет береді. Сондықтан оларды экологиялық жоспарлау мен табиғи ортаны қалпына келтіру ісінде ғылыми құрал ретінде қолдануға болады. Мысалы, «Қарасу», «Қазансу», «Қарағайлы», «Қаншымсай» сияқты атаулар бұрын бұл жерде су көздері немесе ағаш ареалдары болғандығын көрсетеді. Олар бүгінде жоғалған болса, топонимдер олардың қалпына келуге дәлелдеме немесе құрал бола алады.

Қорытынды. Қазақстан аумағындағы түркі топонимдері елдің физикалық-географиялық ерекшеліктерін бейнелейтін құнды дереккөз болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, географиялық атаулар тек нысандарды сипаттап қана қоймай, сонымен бірге белгілі бір аймақтың табиғи ортасының өзгерістерін, климаттық және геологиялық үдерістерін көрсетеді. Мысалы, «Қарасу», «Ақкөл», «Қызылқұм» сияқты гидронимдер мен оронимдер сол жердің экологиялық жағдайына, топырақ құрамына және су ресурстарына қатысты маңызды ақпарат береді.

Топонимдерді жүйелі зерттеу аймақтардың тарихи-географиялық динамикасын түсінуге, кеңістіктік өзгерістерді анықтауға көмектеседі. Сондықтан да, атауларды кеңістіктік өзгерістерді анықтайтын индикатор ретінде қарастыруымызға болады. Кейбір атаулардың бастапқы мағынасы өзгеріп, қазіргі климаттық және ландшафттық жағдайлармен сәйкес келмеуі мүмкін, бұл өз кезегінде табиғи ортадағы өзгерістерді айқындайды. Мысалы, еліміздің аридті климат аймағындағы Қарағайлы, Талғайраң, Мұзбел, Мыңбұлақ және т.б. атаулардың кездесуі, климаттық өзгерістердің болғанын айғақтайды. Сонымен қатар, түркі топонимдері белгілі бір тарихи кезеңдерде халықтардың қоныстану үрдістері мен шаруашылық бейімделу ерекшеліктерін де көрсетеді. Мұндай зерттеулердің нәтижелері жойылған ландшафттарды немесе шаруашылық түрлерін қалпына келтіруде маңызды ақпарат көзіне айналады.

Қаржыландырылуы. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын бағдарлама аясында жүргізілді (Грант №BR24993043).

ӘДЕБИЕТ

- [1] Ртвеладзе Э. В. Цивилизации, государства, культуры Центральной Азии. – Ташкент: Университет мировой экономики и дипломатии, 2005. – 288 с.
- [2] Бартольд В. В. Работы по исторической географии. – Москва: Издательство "Наука", 1965. – 713 с.
- [3] Kaimuldinova K. D., Shakirova N. D., Shakirova A. D., Wendt J. A. (2023). Traditional ecological knowledge of the Kazakh people as a prerequisite for education for sustainable development // *Pedagogy and Psychology*, 56(3). <https://doi.org/10.51889/2960-1649.2023.15.3.001>
- [4] Dorji K. (2024) Storied Toponyms in Bhutan: Affective Landscapes, Spiritual Encounters, and Climate Change // In *Himalayan Climes and Multispecies Encounters* (p. 71-86). Routledge.
- [5] Саввинова А. Н., Филиппова В. В., Гадаль С. Географические названия как индикаторы природно-климатических условий Оймяконского района (на примере изучения топонимов холодовой семантики) // *Успехи современной науки*. – 2016. – Т. 4, № 9. – С. 160.
- [6] Аюбов А. Р. Согд и Фергана: историческая география, этногеография, топонимика, культурный симбиоз (древность и раннее средневековье). – Худжанд: Нури маърифат, 2021. – 404 с.
- [7] Mirakmalov M. T., Ibragimova R. A., Avezov M. M., Okhunjonova D. K. Physical and geographical features of the toponyms of Uzbekistan // *IOP Conference Series: Earth and Environmental Science*. – IOP Publishing. – 2023. – Vol. 1284, No. 1. – P. 012004.
- [8] Atasoy E., Yeginbayeva A. (2017, January). Toponymic approach in scientific research of landscapes associated with the plant world // In *International Conference on Literature, Humanities and Social Sciences* (p. 21-27).
- [9] Бартольд В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью (1893-1894 гг.). – С.-Петербург: Типография Императорской академии наук, 1897. – 198 с.
- [10] Бартольд В. В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – Москва: Восточная литература РАН, 2002. – 754 с.
- [11] Көшімова Б. Ә. Маңғыстау өңірі жер-су атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Нұрлы әлем, 2010. – 238 б.
- [12] Спан Ә., Дүйсенбаева Ж. Ұлы даланың ұланғайыр мұрасы/зерттеулер мен пайымдаулар, аңыздар. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2006. – 224 б.
- [13] Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік) 1-том / Аударған А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1997. – 595 б.
- [14] Путешествие Ибн Фадлана на Волгу / Перевод и комментарий под редакцией И. Ю. Крачковского. – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1939. – 228 с.
- [15] Путешествие Барона Гумбольдта в 1829 г. по Сибири и к Каспийскому морю. – Санкт-Петербург, 1837.
- [16] Kaimuldinova K. D., Aliaskarov D. T., Laishanov Sh. U. Identification of changes in the landscape of natural objects during the historical period based on toponymic data (on the Balkhash-Alakol depression example) // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «исторические и социально-политические науки»*. – 2022. – Т. 74, № 2. <https://doi.org/10.51889/5615.2022.98.63.014>.
- [17] Kaimuldinova K., Laishanov S., Aliaskarov D., Tobajanov R., Nizamatinova Z. (2025) Representation of medieval climate fluctuations in Central Asia in the toponymic system: Historical and geographical data. *Journal of the Bulgarian Geographical Society* 52: 21-36. <https://doi.org/10.3897/jbgs.e143846>
- [18] Yeginbayeva A.Y., Saparov K. T., Abdullina, A. G., Shakhantayeva Z. R. Geographical problems of unification of the toponymic system of Kazakhstan // *География и водные ресурсы*. – 2024. – № 2. – С. 134-142. <https://doi.org/10.55764/2957-9856/2024-2-134-142.19>

- [19] Жанұзақ Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). – Алматы: Өнер, 2011. – 496 б.
- [20] Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
- [21] Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптеркіні. – Алматы: Сөздік-словарь ЖПС, 2010. – 356 б.
- [22] Конкашпаев Г. К. Казахские народные географические термины // Известия АН КазССР. Серия географическая. – 1951. – Вып. 3, № 99.
- [23] Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 275 с.
- [24] Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 206 б.
- [25] Мурзаев Э. М. Словарь народных географических терминов. – Москва: Мысль, 1984. – 653 с.
- [26] Ivascu, Cosmin Marius, Stanik, Nils. (2024). Placenames and Toponymy. In book: Practicing historical ecology: Methods for the collection, analysis and integration of interdisciplinary historical data. – SLU Swedish Biodiversity Centre. – P.117-135.
- [27] Planas-Batlle, X., Tort-Donada, J., Corominas, J. (2023). Toponymy and geology in the landscape. Onomastics in Interaction With Other Branches of Science Volume 1 Keynote Lectures Toponomastics, 417-436. <https://doi.org/10.4467/k7501.45/22.23.18070>
- [28] Позднякова А. А., Ыылдырым А., Хамуркопаран Д. Зоонимный компонент в тюркской топонимии // Наука и школа. – 2014. – № 2. – С. 125-129.
- [29] Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік) 3-том / Аударған А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1998. – 600 б.
- [30] Брокгауз Ф.А., Ефрон И.А. Энциклопедический словарь. — С.-Петербург: Изд. И. А. Ефрона, 1893. – Т. 9. – 474 с.
- [31] Ганиев Н.У. Топонимия пустынь Центральной Азии // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. – 2018. – № 10. – С. 98-100.
- [32] Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 1-т. – 720 б.
- [33] Donada J. T., Reinoso A. S. (2014). Toponyms as «landscape indicators» // In Conference Paper January.
- [34] Conedera M., Vassere S., Neff C., Meurer M., Krebs P. Using toponymy to reconstruct past land use: a case study of «brüsäda» (burn) in southern Switzerland // Journal of Historical Geography. – 2007. – Vol. 33, No. 4. – P. 729-748.

REFERENCES

- [1] Rtveladze E. V. Civilisations, States, Cultures of Central Asia. - Tashkent: University of World Economy and Diplomacy, 2005. 288 p. (in Russ.).
- [2] Bartold V. V. Works on historical geography. Moscow: Izdatel'stvo "Nauka" 1965. 713 p. (in Russ.).
- [3] Kaimuldinova K. D., Shakirova N. D., Shakirova A. D., Wendt J. A. (2023). Traditional ecological knowledge of the Kazakh people as a prerequisite for education for sustainable development // Pedagogy and Psychology, 56(3). <https://doi.org/10.51889/2960-1649.2023.15.3.001>
- [4] Dorji K. (2024). Storied Toponyms in Bhutan: Affective Landscapes, Spiritual Encounters, and Climate Change // In Himalayan Climes and Multispecies Encounters (p. 71-86). Routledge.
- [5] Savvinova A. N., Filippova V. V., Gadal S. Geographical names as indicators of natural-climatic conditions of the Oymyakonsky district (on the example of studying toponyms of cold semantics) // Uspekhi sovremennoi nauki. 2016. Vol. 4, No. 9. P. 160 (in Russ.).
- [6] Ayubov A. R. Sogd and Fergana: historical geography, ethnogeography, toponymy, cultural symbiosis (antiquity and early Middle Ages). Khujand: Nuri Ma'rifat, 2021. 404 p. (in Russ.).
- [7] Mirakmalov M. T., Ibragimova R. A., Avezov M. M., Okhunjonova D. K. Physical and geographical features of the toponyms of Uzbekistan // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science // IOP Publishing, 2023. Vol. 1284, No. 1. P. 012004.
- [8] Atasoy E., Yeginbayeva A. (2017, January). Toponymic approach in scientific research of landscapes associated with the plant world // In International Conference on Literature. Humanities and Social Sciences (p. 21-27).
- [9] Bartold V. Report on a trip to Central Asia with a scientific purpose (1893-1894). St.-Petersburg: Tipography of the Imperial Academy of Sciences, 1897. 198 p. (in Russ.).
- [10] Bartold V. V. Works on the history and philology of Turkic and Mongolian peoples. Moscow: Oriental Literature RAS, 2002. 754 p. (in Russ.).
- [11] Kushimova B. A. Explanatory dictionary of place names of the Mangystau region. Almaty: "Nurly Alem", 2010. 238 p. (in Kaz.).
- [12] Span A., Duysenbayeva Zh. The vast heritage of the Great Steppe / research and interpretations, legends. Almaty: Nurly Alem, 2006. 224 p. (in Kaz.).
- [13] Kashkari M. Dictionary of the Turkic language: (Diواني lugat-it-turk). Vol. 1 / Translated by A. Egeubay. Almaty: Khant, 1997. 595 p. (in Kaz.).
- [14] Travelling of Ibn Fadlan to the Volga / Translation and commentary edited by I. Yu. Krachkovsky. M.; L.: Izd-vo Academy of Sciences of the USSR, 1939. 228 p. (in Russ.).
- [15] Travelling of Baron Humboldt in 1829 across Siberia and to the Caspian Sea. St. Petersburg, 1837 (in Russ.).
- [16] Kaimuldinova K. D., Aliaskarov D. T., Laishanov Sh. U. Identification of changes in the landscape of natural objects during the historical period based on toponymic data (on the Balkhash-Alakol depression example) // Bulletin of Abai KAZNPU, Series 'Historical and socio-political sciences'. 2022. Vol. 74, No. 2. <https://doi.org/10.51889/5615.2022.98.63.014>.

- [17] Kaimuldinova K., Laiskhanov S., Aliaskarov D., Tobajanov R., Nizamatdinova Z. (2025) Representation of medieval climate fluctuations in Central Asia in the toponymic system: Historical and geographical data // Journal of the Bulgarian Geographical Society 52: 21-36. <https://doi.org/10.3897/jbgs.e143846>
- [18] Yeginbayeva A.Y., Saparov K. T., Abdullina, A. G., Shakhantayeva Z. R. Geographical problems of unification of the toponymic system of Kazakhstan // Geography and water resources. 2024. No. 2. P. 134-142. <https://doi.org/10.55764/2957-9856/2024-2-134-142.19>
- [19] Zhanuzak T. Names of places and waters (etymological reference book). Almaty: Oner, 2011. 496 p. (in Kaz.).
- [20] Zhanuzak T. Kazakh onomastics. The secret of names 3. Almaty: Dyke-Press, 2007. 524 p. (in Kaz.).
- [21] Zhanuzak T. The origin of historical names of places and waters. Almaty: "Sozdik-slovar" LLP, 2010. 356 p. (in Kaz.).
- [22] Konkashpayev G. K. Kazakh folk geographical terms // Izvestiya AN KazSSR. Series geographic. 1951. Vol. 3, № 99 (in Russ.).
- [23] Koichubaev E. Brief explanatory dictionary of toponyms of Kazakhstan. Alma-Ata: Nauka, 1974. 275 p. (in Russ.).
- [24] Abdirakhmanov A. Toponymy and etymology. Almaty: Science, 1975. 206 p. (in Kaz.).
- [25] Murzaev E. M. Dictionary of folk geographical terms. Moscow: Mysl, 1984. 653 p. (in Russ.).
- [26] Ivascu, Cosmin Marius, Stanik, Nils. (2024). Placenames and Toponymy. In book: Practicing historical ecology: Methods for the collection, analysis and integration of interdisciplinary historical data. SLU Swedish Biodiversity Centre. P.117-135.
- [27] Planas-Batlle X., Tort-Donada J., Corominas J. (2023). Toponymy and geology in the landscape. Onomastics in Interaction With Other Branches of Science. Vol. 1. Keynote Lectures Toponomastics, 417-436. <https://doi.org/10.4467/k7501.45/22.23.18070>.
- [28] Pozdnyakova A. A., Yildirim A., Hamurkoparan D. Zoonim component in Turkic toponymy // Science and School. 2014. No. 2. P. 125-129 (in Russ.).
- [29] Kashkari M. Dictionary of the Turkish language: (Diuanı lugat-it-turk). Vol. 3 / Translated by A. Egeubay. Almaty: Khant, 1998. 600 p. (in Kaz.).
- [30] Brockhaus F. A., Efron I. A. Encyclopaedic dictionary. St.-Petersburg: Izd. I. A. Efron, 1893. Vol. 9. 474 p. (in Russ.).
- [31] Ganiev N.U. Toponymy of deserts of Central Asia // Actual problems of humanities and natural sciences. 2018. No. 10. P. 98-100 (in Russ.).
- [32] Kazakhstan. National Encyclopedia. Vol. 1 / Editor-in-Chief A. Nysanbayev. Almaty: "Kazakh Encyclopedia" Editorial Board, 1998. 720 p. (in Kaz.).
- [33] Donada J. T., Reinoso A. S. (2014). Toponyms as 'landscape indicators' // In Conference Paper January.
- [34] Conedera M., Vassere S., Neff C., Meurer M., Krebs P. Using toponymy to reconstruct past land use: a case study of 'brüsáda' (burn) in southern Switzerland // Journal of Historical Geography. 2007. Vol. 33, No. 4. P. 729-748.

Ш. У. Лайсханов¹, Д. Т. Алиаскаров², Р. Т. Тобаджанов^{*3}, Е. Д. Исаков⁴

¹ PhD, директор департамента науки и инноваций
(Международная образовательная корпорация, Алматы, Казахстан; laiskhanov@gmail.com)

² PhD, заведующий кафедрой «география и экология»
(КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан; d.aliaskarov@abaiuniversity.edu.kz)

^{3*} Докторант кафедры «география и экология»
(КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан; trt_84@mail.ru)

⁴ PhD, старший преподаватель кафедры «география и экология»
(КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан; erlan.issakov@gmail.com)

ФИЗИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСТАНА И ИХ ОТРАЖЕНИЕ В ТЮРКСКИХ ТОПОНИМАХ

Аннотация. Тюркские топонимы рассматриваются как индикатор, отражающий физико-географические особенности и ландшафтные изменения на территории Казахстана. Проанализированы значения оронимов, гидронимов, лимнонимов, ойконимов, фитонимов, зоонимов, хоронимов, патомонимов и гелонимов, встречающихся в Казахстане. При анализе физико-географических особенностей страны и ландшафтных характеристик, отраженных в тюркских топонимах, использовались сравнительно-географические, картографические и топонимические методы. Путем раскрытия этнокультурного и географического значения тюркских топонимов определены закономерности их распространения в пространстве. Исследования показали, что многие географические названия в Казахстане отражают важные особенности природной среды и способствуют сохранению исторической информации о рельефе, водных объектах, растительности, животном мире и климатических условиях. Через топонимы выявлены ландшафтные следы, которые не соответствуют современному состоянию. Эти данные могут стать ценным источником информации при реализации мероприятий по охране природы и восстановлению ландшафтов.

Ключевые слова: тюркские топонимы, Казахстан, физическая география, изменения ландшафта, ономастика, гидронимы, оронимы.

Sh. U. Laiskhanov¹, D. T. Aliaskarov², R. T. Tobajanov³, Ye. D. Issakov⁴

¹PhD, Director of the Department of Science and Innovation
(International Educational Corporation, Almaty, Kazakhstan; laiskhanov@gmail.com)

²Head of the Department of Geography and Ecology
(Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan; d.aliaskarov@abaiuniversity.edu.kz)

³*Doctoral student of the Department of Geography and Ecology
(Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan; trt_84@mail.ru)

⁴Senior Lecturer of the Department of Geography and Ecology
(Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan; erlan.issakov@gmail.com)

PHYSICAL AND GEOGRAPHICAL FEATURES OF KAZAKHSTAN AND THEIR REFLECTION IN TURKIC TOPONYMS

Abstract. This article examines Turkic toponyms as indicators that reflect the physical and geographical features, as well as landscape changes, across the territory of Kazakhstan. The meanings of various categories of toponyms, such as oronyms, hydronyms, limnonyms, oikonoms, phytonyms, zoonoms, choronyms, pathonyms, and helonyms, found within Kazakhstan are analyzed. Comparative geographical, cartographic, and toponymic methods were employed to investigate the physical and geographical characteristics of the country and how they are embedded in Turkic place names. The research identifies spatial patterns in the distribution of these toponyms and reveals their ethnocultural and geographical significance. The findings show that many of Kazakhstan's geographical names encode critical information about natural features and serve as a repository of historical knowledge concerning terrain, water bodies, vegetation, fauna, and climatic conditions. Some toponyms preserve evidence of past landscapes that differ from their current state. These insights offer valuable resources for environmental conservation and landscape restoration efforts.

Keywords: Turkic toponyms, Kazakhstan, physical geography, landscape changes, onomastics, hydronyms, oronyms.